



Уәлихан
Қалижанұлы

Қазак
әдебиетіндегі
діни-ағартушылық
ағым

УӘЛИХАН ҚАЛИЖАНҰЛЫ

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ
АҒЫМ**

(XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы)

Алматы "Білім" 1998

**ББК 83.3.Қаз.
Қ.26**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

**Жалпы редакциясын басқарған Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Зейнолла Қабдолов**

**Ғылыми кеңесшісі филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
Рымғали Нұрғалиев**

Уәлихан Қалижанұлының "Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым" атты монографиясында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының ең ұмыт қалған, зерделі зерттелмеген тұсы, яғни елдегі оянушылық, ұлттық санадағы жаңғыру, жаңа капиталистік қатынастар орныға бастаған қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық ағымның тууы, дамуы, оның ұлт зиялыларына әсері терең зерттеледі.

Монографияда діни-ағартушылық ағымның ірі өкілдері Ақмолла Мұхамедиярұлы, Мақыш Қалтаев, Әубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев, Шәді төре Жәңгіров, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұралары бүгінгі күннің үрдістері негізінде талданады. Зерттеуде Ыбырай, Абай, Шәкәрім шығармаларындағы діни-ағартушылық көзқарастың қандай орын алатыны туралы тың толғамдар бар.

Кітап әдебиет зерттеушілеріне, аспиранттар мен студенттерге, мұғалімдерге, жоғары мектеп оқушыларына, қалың оқырманға арналған.

Қалижанұлы У.

**Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым.
Алматы: "Білім", 1998. – 256 бет.**

ISBN 5-7667-2319-9

**Қ 4603020000–026
412(05)–98 040-98**

ББК 83.3 Қаз.

ISBN 5-7667-2319-9

© Қалижанұлы У., 1998

!

СӨЗ БАСЫ

Әдебиет тарихы бүгін не ертең **жасалмайды**. Ол адамзаттың рухани сұраныстарымен қатар **дамып, қалыптасып отырады**. Сондықтан да белгілі бір **кезеңдегі** әдебиеттің **өрбу**, даму **эволюциясын** білу үшін оның алдындағы **ағымға**, болмысқа **қарамасқа болмайды**. Мәселен, бүгінгі күнге дейін әдебиет тарихынан өзінің нақты **бағасын, орнын** ала алмай **келе** жатқан тұлғалар бар. Олар кезінде кітаби **ақындар, діншіл ақындар** деген **желеумен** әдебиет тарихынан, ел тарихынан **ұмыт** қалдырылды. Бұл **діни-ағартушылық ағым XIX ғасырдың екінші** жартысында **өзінің үлкен** прогресшіл ролін танытты. Оның **Ақмолла, Мақыш, Нұржан, Әубәкір, Шәді, Мәшһүр** секілді өкілдері сол **кезеңдегі қоғамдық ақыл** ойға **ықпал** етті. Бірақ Кеңес **өкіметінің** алғашқы жылдарындағы әдебиетте **таптық** және **партиялық** көзқарасты тәрбиелеуге ұмтылған революцияшыл идеологияға **ақындар** жараспайтын еді. Міне, осының **бәрі** сайып **келгенде**, бүтін бір дәуірді **қамтып** жатқан әдеби **процеске** теріс баға берді, **оқулықтан** алынды, **архивке өткізілді**. Дегенмен, бұл ағымды тану үшін, соның алдындағы **әдебиетке** зер салып, талдамасқа болмайды. Өйткені, бұл жоғарыда аттары **аталған** ақындар - ауыз **әдебиеті** мен жазба әдебиетін жақындастырып тұрған алтын **көпір**. Яғни, белгілі бір дәуірдің алдындағы әдеби процестерге шағын шолу жасалған **жен ғой деп ойлаймыз**.

XVIII ғасырда қазақ әдебиеті толысып, ілгерілеп **өсті**, осы **мезгілдегі** ақындардың жалынды **өлең, толғау**, жырлары кілең ерлік сарынға құрылған еді. **Өйткені**, халықтың бәрі **көшпелі** тұрмыс **кешкендіктен** және **жоңғарлармен** қысқа **күнде қырық** табысып, жан алысып, жан берісіп, аттың жалы, түйенің **қомында** қиын ғұмыр кешкендіктен, ерлеріміздің бәрі жауынгер, қыздарымыздың бәрі **қырағы болыпты**. Міне, осы **себепті** сол **кездің** жыраулары **мен** ақындары ел-жұртты бірауызды ынтымақтыққа бірлесе **отырып**, тізе қосып, біріге **отырып**, ата жауы **жоңғарға** қарсы **күреске** шақырады. Тіпті, қолына **қару** ұстап, атойлап атқа мінетін **азаматтардың** бәріне елін қорғау, жерін азат ету керек деген айбынды ұран тастады. Бұл кездегі ақындардың **толғаулары** қара тасты қақ жаратындай өткір, қалың қолды қақ **айыратындай** кескір еді. **Жалпыға** ортақ бір

түйін - **жоңғарларға** бірлесіп соққы беру арқылы елін қорғау, өсіру, жерін гүлдендіру, тұрмысын, салт-санасын жақсарту болатын. "Бес ғасыр жырлайдыда" бұл жағдай жан-жақты айтылған: "XVIII ғасырда өдеби өмір жандана түседі, ғасырдың алғашқы ширегінде топандай басқан жоңғар шапқыншылығы... саяси және **қоғамдық өмірдегі** өзгерістер бұл кездегі қазақ поэзиясының идеялық бағыт-бағдарына, **тақырып** аясына айрықша ықпал етті. Ел өміріндегі елеулі оқиғалардың барлығы да ақын-жыраулар **өнернамасында** өзінің көркемдік шешімін табады.

Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес сарыны, **әсіресе**, Ақтамберді жырау (1675-1768), **Үмбетей** (1706-1778), Төтіқара (XVIII ғасыр) шығармаларынан айқын **көрінеді**. Ақтамберді өз толғауларында жау **қолында** қалған жерлерді азат етер күнді аңсайды, **иісі** қазақ болып атқа **қонуды**, ойраттарға күйрете соққы беруді армандайды... XVIII ғасырдағы қазақ **поэзиясының** бағыт-бағдарын, **өзекті** ойларын айқын танытады. XVII ғасырдағы **қазақ** әдебиетінің ең **көрнекті өкілі** - **Бұқар** жырау (1668-1781). Арқалы жырау, **қабырғалы** би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығының идеологи болады. Ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше **қолдайды**"¹.

XVIII ғасырда халыққа да, жауынгерлерге де айғайлап ұран тастаған аса талантты ақын Ақтамберді жан дауысымен жоңғар шапқыншылығына қарсы көптеген өлеңдер толғады, ол ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен белсеніп, жауға шапқан батыр да еді, жүрегімен **ақтарыла** жыр жазған ақын да еді, біз жыраудың:

Құлаты тауға қол **салып**,
Садақтың оғын мол салып.
Бетпақтың ең бір **шөлінен**,
Төтелеп **жүріп** жол салып,
Қолды бір бастар ма екенбіз?!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып.
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын,
Ат артына **мінгізіп**,
Тегін бір олжа қылар ма екенбіз² -

дейтін бұл толғауы 1723 жылғы "Ақтабан **шұбырынды**, алқа

¹ **Бес** ғасыр жырлайды. Алматы, "Жазушы", 1989, 9-бет.

² **Сонда**, 62-бет.

көл сұламадан" кеіін айтылды ма екен деп те ойлаймыз. Өйткені, осы өлеңде арындаған айбын жоқ, жалындаған келер күнге сенім жоқ, жыр тек тілек пен арманнан тұрады. Дегенмен де, аса дарынды ақынның аузынан шыққан әрбір сөз, әрбір сөйлем бейне бір теңіздің түбінен табылған мөлдір меруерттей таза, кіршіксіз аппақ. "Елім", "жерім" деген жүрегінің соғысы, **көңілінің** нәзіктігі, пейілінің дарқандығы өлеңнің өн бойынан **аңқып** тұр. Халқымыз "сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді" деп **өте** дұрыс айтқан **ғой**, ел-жұртынын хал-жағдайы қаншама мүшкіл болса да, оған **мойып** тұрған, **еңсесі** түсіп езіліп тұрған **ақын** жоқ. Ақын халықтың кеудесіндегі жаны, **жалындаған** мұраты, бүкіл бітім-болмысы десек, соны біз Ақтамберді өлеңдерінен анық байқаймыз, байқаймыз да қайран қаламыз, еліміз қандай жомарт, қандай **мәрт**, **қандай жауынгер** еді, "қазақ десе, қазақ екен" ғой дейміз іштей. Оның себебі, **қаншама** жыл мұздай қаруланған, керек десеңіз, мылтығы бар, ол аз десеңіз, қаншама **зеңбірегі** бар **рақымсыз** жауға **садақпен**, қылышпен ғана қарсыласып алдырмай келген...

Осы бір ел басына күн туып, "ат ауыздықпен су ішкен, ер етікпен су кешкен" кезеңді талмай зерттеген филология ғылымының кандидаты М.Мағауин: "Біздің **тарихи** және көркем әдебиетте ақтабан шұбырынды жоңғарлардың тұтқиыл шабуылы салдарынан болған төтенше бақытсыздық ретінде бейнеленеді. **Шын** мәнісінде, 1723 жылғы жоңғар шапқыны және соның нәтижесіндегі қазақ босқыны осыған дейін тура қырық жыл бойы жүргізілген саясат пен майданның - Қазақ Ордасы мен Дүрбін — Ойрат арасындағы аяусыз күрестің соңғы түйіні, **қорытынды** зардабы ғана. Қазақ Ордасы 1723 жылы қалай қирады деп емес, осы **1723** жылға қалай жетті деп таңырқасақ **ләзім**",¹ - деп адам жаны түршігерлік шындықты айтса, тағы бір кітапта: "1723 жылдың көктемінде **жоңғарлардың** сансыз қолы Қаратаудан асып, Талас өзенінің **аңғарына** басып кірген: қазақтар бұл кезде шабуыл болатынын күтпей, қыстауларынан жазғы жайылымға көшуге дайындалып жатқан еді. Мұндағы қазақ халқының бәрі түгелінен дерлік қырылып кетті, ал тірі қалғандары мал-мүлкін тастап **қашуға** мәжбүр **болды**",² - делінсе, халық аузындағы: "Қайран, біздің қазақтың қайда басы қалмаған" деген өлең жолдарының шындығына дау айту қиын.

Жоғарыда айтылған, 1723 жылдан кейін **еліміздің** жақсы мен жайсаңы бас қосып, қайта күш жиып, көтеріліп 1728 жылы **және** 1730 жылы екі рет жоңғарға қатты тойтарыс **беріпті**, алғаш Арқада, Бұлантыда болған ұрыс кейіннен "**Қалмаққырылған**" деп

¹ Мағауин М. Қазақ тарихының өліпшесі. Алматы, "Ер-Дәулет", 1994, 133-бет.

² Қазақ ССР тарихы. Алматы, "Қазақ мемлекет баспасы", 1957, 249-бет.

аталыпты да, Балқаштың оңтүстігінде Итішпесте өткен соғыс "Аңырақай" болып ел есінде қалады. Осы үлкен екі жеңістен кейін еңсесі түскен халық **қайта** сергіп, жаңадан тыныс алғандай болды.

Елді сол кезде басқарған хан мен султан, би мен ақсақалдар **күш** пен қуаттың бірлікте екенін, ынтымақ болса, жауды жапырып, қанын судай сапырып **кетудің** қиын **еместігіне** көздері жетеді.

Бұқар жыраудың сол шамада жазған өлеңі болу **керек**, елі мен **жұртын**, султаны мен бегін, ханы мен қарашасын ынтымақ-бірлікке үндеп:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз.
Судан суға шүйгіңіз,
Көлден көлге қоныңыз.
Байларға ұғылы шоралар,
Бас қосыпты десін де.
Маң-маң басып **жүріңіз**,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат **өлсін**,
Айыра алмай жат **өлсін**.
Жат бойынан. түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.¹

XVIII ғасырдың отызыншы жылдар шамасында Болат хан өлген **соң**, оның орнына таққа, баққа таласушылар **көбейеді**, сұлтандар бір-бірімен араздасып, елдің береке-бірлігі кетеді. Нәтижесінде 1730 жылғы үлкен жеңістен **кейін** Қазақ ордасы бірнеше сұлтандардың қол астына **бөлініп**, әлденеше иелікке өтеді.

Бұл **жағдай** іздегенге **сұрағанның** кебі келіп, көп **кешікпей-ақ** орындалыпты, анығырақ айтсақ: "1731 жылы 19 ақпанда император әйел Анна Иоанновна Кіші жүзді Ресей қоластына алу туралы грамотаға қол **қойды**. Грамотада қазақтар өздерінің өтініп сұрануы бойынша қоластымызға алынды", - делініпті.

Ал, Ресейдің жағдайы өте жақсы еді, ол осы уақытта Еуропадағы алдыңғы қатарлы **мемлекеттердің** бірінен саналатын. Өйткені, Литваны, Белоруссияны, Днепрдің оң **жағын**, сонымен бірге, Оңтүстік Украинаны, Қырымды өзіне қаратып, Қара **теңізге** шығып, өз аймағын кеңейтіп алды. Бұл кезде Ресейдің **өндіргіш** күштері артты, өнеркесібі дамыды, егіс **көлемі** көбейе **түсті**, ішкі және сыртқы сауда-саттығы **өркен** жайды.

¹ Бес ғасыр жырлайды. Алматы, "Жазушы", 1989, 94-бет.

Жоғарыдағы айтқанымыздай, халықтың хал-жағдайы күн өткен сайын құлдырап кеткенімен, орысқа қосылған соң қазақтар да егін егетін болды, аздап болса да сауда-саттықпен айналысты, бірте-бірте отырықшылыққа, қала болуға ниеттенді. **М.Көпейұлы** сол кездің (XVIII ғасыр) тұрмыс жағдайын әр қырынан айта келіп: "Қайда **атақты** асқан бай бар болса, наурызды сол байға қалдырады екен. Үйсін **Төле** билердің заманында наурыздың **қадір-құны** астан-тойдан **ілгері** болады екен"¹, - десе, Қ.Байболұлы сол замандағы **Төле** бидің арманын толғайды:

Шығарсам арық қазып, Сырдан байлап,
Ел болсақ отырысты болар еді-ау.
Қыстасам Алатауды жазда жайлап,
Көшпелі бір жағымыз бие байлап,
Елдерден қатар жатқан үлгі алайық,
Балалардың түбіндегі қамын ойлап².

XVIII ғасырда **халқымыздың** егін шаруашылығымен айналысқанын **Бұқар** жыраудан да **көреміз**, аса ойшыл ақын бүкіл **ел-жұрттың** хам-харекетін жатпай-түрмай ойлаумен бірге, болашақтағы жастарды да бір сәт есінен шығарған **емес**. Жырау:

Алпыс бес жасқа келгенде,
Әрбір атқа қонарсың.
Жүмсасаң бала тіл алмай,
Қатынын қарсы шауып үялмай,
Әрнешік күні сол болар.
Еңкейіп орақ оларда,
Тоңқайып масақ терерге,³ -

десе, мұны Ресеймен араласуымыздың бір **көрінісі** деп білеміз.

XVIII ғасырдағы **ақын-жыраулар** елді бірлікке, **ынтымаққа**, халайық-қауымды қайырым-мейірімге, елді, жерді қорғауға, егін салуға шақырса, **XX ғасырдың** бас кезіндегі ақындар дүниесінің тарылғанын, ақырзаманның тақалып, жұрт басына қара аспанның төнгенін, бұрынғыдан ырымға құйттай жақсылықтың қалмай, **әкені** бала, шешені **қыз** аңдып, басар жер, барар таудың қалмағанын ашына толғайды. Осы дәуірдің ақындары жайлы академик М.Әуезов: "Зар заман" деген XIX ғасырда **өмір** сүрген

¹ Қазақстан **Ұлттық** Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасы. **М.Көпейұлының** материалы. №1177 бума, 120-бет.

² **Байболұлы Қ. Төле** би. "НБ-пресс" бас; 1991, 254-бет.

³ **Бес** ғасыр жырлайды. Алматы, "Жазушы", 1989, 94-95-беттер.

Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. **Шортанбайдың** өлеңі ілгергі, соңғы ірі **ақындардың** барлық **күй**, сарынын бір арнаға **тұтастырғандай** жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына "зар заман" ақындары деген ат қойдық. Бұл ақындардың дәуірі - жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман **ақындарының алғашқы** буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. **Сондықтан** қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады"¹.

М.Әуезов зар заман жырларын осылай талдап келеді де, жүз жылға созылған ауыр кезең қазаққа екі алуан адамды шығарды, бірі - тарихи өлендердегі ел қаһармандары, екіншісі - елдің қайғы-мұңын, **арман-тілегін** қозғаған ойшыл қария, ақылшы жырау еді деген пікірді қоса айтады.

М.Әуезов айтқандай, **Шортанбайдың** жырлары кілең зардан тұратын, алайда, оның сол зарының астарында нағыз шындық бар еді:

Жарлы, кедей жоқ десек,
Қорлықпенен күн өтер.
Таңда **машқар** күн туса,
Таразыны түзетер!
"Жаһанам" деген дозақта,
Шайтан болар жолдасың,
Қыбыласын білмей күл,
Сонда тартар жазасын.
Кешірмейді құдайым,
Бес намаздың **қазасын**.
Құрт-құмырсқа жиылып,
Сонда алады мазасын,
Жаһанамның белгісі -
Жалған болар расың.
Мұқып қылмай **құдайым**,
Ол залымның төубасын,
Сақта, Құдай, солардан,
Сол себепті қорқамын².

Ой жіберіп, оқып қарасақ, ақын сөзінде жалғандық жоқ. Шынында жоқтықтың өзі - қорлық. Халқымыз "жоқ жомарттың қолын байлайды", "аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін" т.б. **мақал-мәтелдерді** айтқан. Егер кедей, жарлының хақысын жесен, онда орның - "жаһанам" атты

¹ **Әуезов М.** Әдебиет тарихы. Алматы, "Ана тілі", 1991, 192-бет.

² **Шортанбай.** Зар заман. Алматы, "Жалын", 1993, 109-бет.

тозақта. Жетім-жесір, жоқ-жітіктің малын жеген сазайын осы жарық дүниеде тартады. Жалған **дүниенің** қысасы мәңгілік дүниеге кетпейді делінген діни кітаптарда.

Адам баласы **әр** түрлі бәлекеттен, **күнәдан** бойын тартып ұстау **үшін** бес **уақыт** намазды міндетті түрде оқуы керек. Намаз - Аллаға құлшылық, намаз - Алланың парызы, намаз — мұсылман баласына міндет, намаз - **тазалық**, намаз оқыған жанға - құпия дүниенің сыры, ғылымның жолы ашылмақ. Бейнамазды **өлген** соң құрт-құмырсқа талап-жейді екен.

Шортанбай ақырзаман таянды дегенде, оның белгілері ретінде: шының - жалған, жалғаның рас болар, осы себепті қылған құлшылығың, еткен **тәубанды** Алла қабыл етпейді, өйткені, сен бар жаныңмен ниет етпейсің деген пікірді **ұсынады** да, оның мысалы ретінде:

Қыс **көбейді**, жаз аз боп,
Бай таусылды, мал аз боп.
Ағаны іні **көрмеді**,
Атаға бала араз боп.
Елге егін жайылды,
Байға қоңсы **жоламас**.
Арам **сулы** балаға.
Атаның сөзі ұнамас,
Заманақыр боларда,
Алуан-алуан жай шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп-түсер күші **жоқ**,
Ақша деген мал шықты'.

Біз сөз етіп отырған **ұлы** ақын Шортанбай сол кезде шыққан ақшаға да, ел ішіне енді-енді кіре бастаған диқаншылыққа да жатырқай қарайтындай, бұл жаңалықтың бөрі **қазақ** баласының пейілін тарылтады, бұрынғы береке, молшылық кете ме деп қорқады. Содан кейін ол:

Байлар үрлық қылады,
Мал түзіне **көрінбей**.
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей,²
Заманың сенің құбылды,
Текеметтің түріндей³ - дейді.

¹ Шортанбай, Зар заман. Алматы, "Жалын", 1993, 110-бет.

² Шортанбай. Зар заман. Алматы, "Жалын", 1993, 111-бет.

³ Лобьевич Ф. Тургайская область и ее устройства.

Ақын ел ішіндегі молшылық, берекені, ел арасындағы мейірім-қайырымды **ақша** мен егіншілік бұзды, бірі мал өрісін кемітті, бірі **адамның** пиғылын тарылтты деп білді.

XX ғасырдың бас кезіндегі ақындар патшалы Ресейдің қазақтың жерін алумен бірге, оның өзін әртүрлі саясатпен жою мақсатын жүзеге асыруға жанын салғанын сезді, тіпті жерімен қоса, дінін, ділін, тілін алу жағын да ойластырды. Осы жағдайды ешкімнен де қымсынбай сол кезде чиновниктері де жазды. "...Қазақ өлкесіндегі ұшы-қиыры жоқ бай алқапты тиянақты игеру үшін екі мәселені қолға алу керек... Соның бірі өлкені **орыстандыру**"¹, - деп ашық айтады.

Патшалы Ресей қазақ жерін өкесінен қалған мұрадай талапайға салып, **бөліп** алып жатты, малыңды хаттап, жаныңды қағазға жазып, жайлау, қыстау, **көктеуіңді** картасына сызып, қалтасына салып қойды. Бұған сәл қарсылық айтқан адам итжеккенге кетеді, оған кетсе, түбі жоқ құрдым! Осы бір ел басына күн **туған** сұмдықты Дулат ақын жеріне жеткізе айтыпты:

Жауға шабар ерің жоқ,
Сақадай болып сайланып.
Отыңның басын айналып,
Жеріңнің алды шұрайын.
Дуан салып жайланып,
Датыңды айтсаң орысқа.
Сібірге кеттің айдалып.
Бейнең қандай болды екен,
Қарасаңшы бір мезгіл,
Қолдарыңа айна алып².

Жері кеткен ел кері кетеді, өйткені, малы да, байлығы да, бары да, базары да тарқайды, екі қолын қалтасына салып, "алайып аспанға қарап", сенделіп, сергелдең болады, басар жер, барар тауы қалмайды, жан-жағы тұйықталып, ілгері басқан аяғы кері кетеді. Біз елдің жерінен айрылып, аңыраған хал-жайын **Мұрат** ақыннан да **көреміз**, ол:

Еділді тартып алғаны -
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны -
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны -
Ойдағысы болғаны.

¹ Военный сборник. Т., **XXVIII**, 1871.

² **Дулат**. Зар заман. "Жалын", 1993, **16-бет**.

Маңғыстаудан үш **түбек**
Оны дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны,
Қоныстың бар ма қалғаны?!
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны -
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың **шалғаны**¹.

Патшалы Ресейдің **XX ғасырдың** бас кезінде-ақ бүкіл қазақ жерін алып, қазақ елін қорқытып, үркітіп, "бір тарының қауызына" сыйғызғанына сол кездегі қазақ **халқы** наразы болды, жеті жастан жетпіс жасқа дейінгі ер мен әйел **мұндай** озбырлыққа **төзбеді**. "Іш қазандай қайнайды, қолдан келер дәрмен жоқтың" **дәл** езі болды. Міне, елдің мұңын, жұрттың қайғысын сол кездегі ақындар жеріне жеткізе жырлады, Арқадан **Дулат**, оңтүстіктен Шортанбай, батыстан Мұрат сияқты "орақ тілді, отауызды" таланттар халықтың **көкірегіндегі** өксігін жырлады.

Халықтың рухани байлығы - дінінен айырылып, енді бала әкені, қыз шешені тыңдамайтын жағдайды бастан кешіп отырғанын жоғарыдағы ақындар қатты күйзеліп, **өз** туындыларында толғады. Мұның себебі, патшалы Ресей **қазақтың** ішкі-сыртқы жағдайына қанық болған соң, оның санасын да жаулап алуды **көздеді**. Сөйтіп, әкімшілік жарлықтар шыға бастады. 1868 жылғы "Жаңа низам" заңынан **соң** православие миссионерлігі қоғамының міндетін өкімшілік тікелей өз міндетіне алды. **Сол** кездегі генерал-губернатор, әскери губернатор, уезд начальниктері, христиан дінінің басшылары бұл іске белсене кірісті. Осының бір айғағындай, 1893 жылы 19 қаңтарда даланың генерал-губернаторы Барон Таубе **Семейдің** әскери генерал-губернаторына жолдаған хатында: "Сіз басқаратын облыста татарлардың, бұхаралықтардың ислам дінін насихаттауы күшейіп барады, бұған қашан тиым салатындығын сұрап, сондай-ақ бұқараны **әкімшілік** тарапынан бақылауға алу керектігі" айтылса, сол кездегі Семей мен Томск епископы Макаридің дала генерал-губернаторына жолдаған хатында осы облыстардағы мұсылман мешіттерінің **көзін** құртып, орнына православие шіркеулерін салудың өте қажет екенін айта отырып, сонымен қатар Зайсандағы татар мектебін жабу қажеттігін айтады².

¹ Мұрат. Зар заман. Алматы, "Жалын", 1993, 146-бет.

² Қазақстан Республикасының Орталық архиві. 64-қор., 1-тізбе, 3155 іс. 2-парақ.

Мінеки, халықты қорлау, оның **наным-сеніміне** балта шабу, сөйтіп оны біржола жер бетінен жоқ ету саясаты осылай жүзеге аса бастаған.

Халықтың басындағы осындай неше қилы **аумалы-төкпелі** заман жағдайын, ондағы ақындардың **өлең-толғауларын** жан-жақты зерттеп, өр қырынан салмақтай келе, көрнекті әдебиетшілер Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов былай деген еді: "XIX ғасырдың екінші жартысындағы едебиет пен алдыңғы жарымындағы әдебиеттің бір-бірімен ұштасатын да, айырылысатын да жақтары жоқ емес, бірақ бұлардың суреттеп беру жолдары, **алға** қойған мақсат-тілектері бұрынғылардан ерекшелену еді. Махамбет т.б. батырлықты жырлай отырып, қару **алып**, күреске шығуды үндесе, Мұрат, Шортанбайлар қарулы көтерілістің кезі деңгейден өтіп кеткенін сезіп, елді патша **өкіметінен** аулақ өкету, кешу мәселелерін **сөз** етеді¹.

Қазақ даласы XIX ғасырдың екінші жартысында жаңа қоғамдық дамуды бастан кешірді. Оны түсіну үшін Ресей тарихына, оның шығысындағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихи, **әлеуметтік**, саяси жағдайына талдау жасау қажет. Империалистік дәуірге аяқ басқан Ресейдің **өміріндегі** өзгерістер оның шығысында жатқан халықтарға, **атап** айтқанда, татарлар мен башқұрттарға, қазақтар мен өзбектерге, Қырым, Кавказ елдеріне **әсер** етпей қалған жоқ. **Сөйтіп**, бұл елдерде оянушылық, феодалдық құрылыстың қатігез заңдарына қарсы бас **көтерушілік** және оқу-білімге үмтылу қалыптасты. Жалпы, Қазақстанның Ресей патшалығына қосылуы - қазақ халқының өміріне әрі прогресшіл әрі кері **ықпал** етті. Халықтың біртұтас **өмірінде**, атап айтқанда, **шаруашылығында, мәдени** тұрмысында жаңа ағымдар пайда болды.

Капитализм - Кавказға, Орта **Азияға**, Татарстан мен Башқұртстанға еніп, осы елдердің саяси-мәдени **өмірінде** үлкен өзгерістер жасады. Бұл негізінен алыс-беріс, сауда-саттық, ұсақ өнеркәсіп **орындарының** ашылуымен тығыз байланысты еді. Капитал қазақ сахарасына ең еуелі осы тұрғыдан **әсер** етті. Осылай ел ішінде топқа жіктелу, оқу-ағарту жұмыстарының көрінісі айқын біліне бастады.

Қазақ жерінде болған осындай өзгерістердің нәтижесінде халықтың сана-сезімінде, дүниетанымында бірқатар **өзгерістер** болды. **Жаңа** оқу, усули-жәдит тәртібі орнықты. Бұл **ағым** ең еуелі Татарстаннан **көрінді**. Өйткені, Орта Азиядағы оқу-ағарту, кітап шығару ісі негізінде Қазаннан тарады.

Татарларда оқу орындары екіге **бөлінетін**, оның бірі -

¹ **Жұмалиев** Қ., **Ысмайылов** Е. **Қазақ** әдебиеті, Алматы, 1946, 3-4-беттер.

мектеп, **екіншісі** - медресе. "Мектеп - это конфессиональное начальное училище, имеющееся при каждой мечети. Распорядителем мектеба был обыкновенно приходской мулла, но он редко занимался учением, поручая это своему ставленному, так называемому Хальфе. Типичный Хальфе - это полуграмотный **шакирд**"¹ - деп **жазған** еді Д.Валидов. Міне, осындай мектептер мен медреселер **қазақ** даласында да ұйымдастырылды. Молданы ауыл тұрғындары **бірлесіп** ұстайтын. Немесе бір бай **өз** балалары үшін жалдайтын. Орынбор, Троицк сияқты қалалардағы медреселерде оқып келген татар, башқұрттар болатын еді де, **біразын** жергілікті жерлердегі мектеп, медреселерде оқып шыққан қазақ молдалары оқытатын. **Көбі** Абай айтқандай, құранды теріс оқитын дүмше надандар еді. Ол кезде "мектеп, медреселерде ешқандай **дүниә** ғылым-білім, ана тілі, қазақ әдебиеті сияқты нәрселер оқылмайтын, тек діни сабақтар: араб тілі, ислам **дінінің** парыз қағидалары, философиясы оқылатын"².

Тек жоғарыда айтқан усули-жәдит **ағымның** орнығу нәтижесінде ғана мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар, ана тілі, есеп, география, тарих, орыс тілдері оқытыла бастады. Ал, осы жаңа оқу үлкен күрес пен тартыстың нәтижесінде ескі оқуды ығыстырып шығарды. Осы **жөнінде** аз ғана тоқтала кетуді жөн **көрдік. Жәдитшілдіктің** алғашқы көрінісі татар **халқының** адал перзенті Курсавидің ұстаған жолынан біліне бастаған-ды.

Курсави 1783 жылы **өмірге** келеді. Жастайынан зерек қабілетімен танылады. Бұхарадағы медресені бітіреді. Сол кездің өзінде-ақ жас ғалымның есімі халық арасында кеңінен таныла бастайды. Ол білім бермейтін бір ғана діни **соқыр** схоластикаға қарсы шығады. Кітабы жарық **көреді**. Онда Әбунасырұлы Курсави Құдайдың бары-жоғы, діни схоластика **жөнінде** ашық пікірлер айтып, оны сынады. Дін иелері "діннен безген" Курсавидің **көзін** жоюды ойластырады. Арыз **әмір** Хайдарға жетеді. Сөйтіп, әмір Әбунасырды **өлім** жазасына кеседі. Жас ғалым **бұл** тордан аман-есен құтылып, Татарстанға қашып **кетеді.Сөйтіп**, Курсу ауылында медресе салып, бала оқытады. Ол 1838 жылы қайтыс болды.

Курсавиден кейін татардың ғылыми **өмірі** бір ағымға түсті, жұртта тыныштық орнап, ғылым-білім үйрене бастаған. Бас көтерген не ғалым, не **ақын** өмір майданына шыға алмады. Бұл **тыныштық** Мәрджани шыққаннан кейін бұзылды. Елдің **өмірінде** жаңа бір бетбұрыс пайда болды.

¹ Валидов Д. Татарская литература. 1923 , стр.13.

² Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ **әдебиеті**, Алматы, "Мектеп", 1976, 6-бет.

Ш. Мәрджани 1818 жылы Қазан уезінің Ябыншах ауылында өмірге келеді. Ол Бұхара мен Самарқандағы жоғары діни медреселерде оқып, білім алады. Курсавидің трактаттарын **оқып**, зерттейді. "Осы кезде ол математикамен, әсіресе, геометрия және астрономиямен қатты **шұғылданады**¹. Осылай өзінің білім дәрежесін көтере отырып, Мәрджани Курсави ілімін жетілдіреді. Өнер мен білімнен тыс діни жалаң, бір жақты фанатизмге қарсы **шығып**, жаңа оқудың жаршысы атанады. **Төте оқудың** арқасында енді шәкірттер жан-жақты білім ала бастайды. Ел ішінде жаңа оқуға деген ынта-жігер оянады. "**Усули-жәдит**" оқуы ескі, діни оқуға қарсы, **төте** оқуды жүргізуде қазақ арасында прогресшіл роль атқарды².

Ресейдің шығысындағы хал-ахуал бұл кездерде жандана бастады, кітаптар шықты. Көптеген баспа орындары ашылды. Кітап бастыру едәуір **өріс** алды. Ел арасында бала оқытып, мектеп **ұстаған көптеген** молдалар **өлең** жазумен шұғылданды. Әрине, барлық молдалар ақындықпен айналысты деп кесіп айтпаймыз.

Олардың арасында халықты оқытуға, олардың мәдениетті болуына күш салған прогресшілдері де болды. Оған "Ақмолла және К.Шахмарданов, М.Жұмашев, **Ғ.Махмудов** секілді молдалардың кітаптары дәлел бола алады".³

Патшалы Ресей қазақтарды сауатсыз етуге тырысып, білімсіз, тек ескі мұсылман дінінің шырмауында ұстауға **құштар** еді. **Сондықтан** да олар дін иелеріне кеңшілік беріп, олардың озбырлық істерін жауып тастап отырды. Баспалардан шығатын **кітаптарға** бақылау қойылды. **Сөйтіп**, баспаларда негізінен пайғамбарлар мен оның сахабалары, **әулие-әмбиелері** жөніндегі қиссалар басылды. Халқымыздың өз ішінен шыққан **ағартушылары мұндай** патша саясатын кезінде **көре** білді. Бұл **жөнінде** Ыбырай Алтынсарин, Абай **Құнанбаев**, Ахмет Байтұрсыновтардың айтқан пікірлері назар аударарлық. Әсіресе, Ш.Уәлихановтың: "...татар молдалары мен Орта Азия ишандарының **әрекеті** арқасында қазақтың кейбір сұлтандары, байлары әйелдерін оңаша үйде ұстайтын болды... **Тегі**, Еуропалық **мәдениетке** Ресейдің Византия **дәуірін** басынан **өткізіп** жететін болды. Бұл - оның болашағы бұлдыр, қаранғы деген **сөз**. **Өйткені**, қанша **оңбаған** болса да, Византия Ресейге азды-**көпті** ағартушылық элементі бар христиан дінін енгізді. Ұғымтал

¹ **Валидов** Д. Татарская литература. Казань, 1923, стр. 33.

² **Кенжебаев** Б. XX ғасыр **басындағы** казак әдебиеті. Алматы, 1966, 5-бет.

³ **Кенжебаев** Б. XX ғасыр **басындағы** казак өдебиеті. Алматы, 1966, 7-бет.

болса да, қазақ халқына татар оқуы түкке аспайтын діни схоластикадан басқа епгенге үйретпейді. **Сондықтан** біз қалай да татар **дәуірінен** оралып **өтуіміз** керек. Бұл жөнінде бізге үкімет көмек **көрсетуі** керек. **Көмек көрсеткендер** округтерінде татар мектептерін ашпай, орыс мектептерін ашу **керек**"¹, - деп жазды ғалым. Осындай бағытты әрине, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин секілді ағартушылар да ұстады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Қазан, Уфа, Ташкент қалаларында шыққан **кітаптардың** арасында ақын-жазушылардың шығармалары да болды. "Егер ХІХ ғасырда 70 қана кітап басылса, ХХ ғасыр басында яғни 1900-1917 жылдар арасында қазақ тілінде 200 кітап **жарық көрді**. Бұл жылдарда негізінен діни кітаптардан басқа, қазақ ақын-жазушылары Абайдың, Ыбырайдың, **Ақмолланың**, Нұржанның, М.Көпеевтің, М.Қалтаевтың, М.Сералиннің, **С.Дөнентаевтың**, **С.Көбеевтің**, Жүсіпбек Қожа Шайхисламұлының кітаптары шықты.

ХХ ғасырдың басында Қазанда 6218 татар кітабы жарық көрді. Оның жалпы тиражы 41342140 дана болды.

Татардың белгілі ғалымы, татар кітабының таралымын тексеруші А.Г.Каримуллин: "ХХ ғасыр басында 7000 татар кітабы, жалпы **көлемі 47110000** дана болып **шықты**"², - дейді.

Міне, ХХ ғасыр басындағы Ресей самодержавиесінің шығысындағы хал-ахуал, оянушылық, ағартушылық **және** саяси жағдай осындай еді. **Башқұртстан**, Қазақстан, Татарстан елдеріндегі капиталистік элементтердің енуі жаңа поэзиялық сарын әкелді. Жазба әдебиеті жандана түсті. Ақындардың көпшілігі халықты жаңаға үмтылуға, оқуға үндеді. Яғни, ағартушылық поэзия еріс алды. Бұл ретте башқұрт, татар, қазақ халықтарының өміріндегі **өзгерістерге**, өзара үндестікке назар аудармасқа болмайды.

Өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ, башқұрт мәдениетінде **демократтық** тенденциялар орныға бастады. Әсіресе, халық-ағарту саласындағы үрдіс **өсу** айқын сезілді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақтар мен **башқұрттар** арасындағы сауат ашу едәуір **өсті**. Ағартушылық жеке ағым болып қалыптасты.

Ағартушылық поэзияның тамыры қат-қабат тереңде жатыр. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Ресейдің мәдени **өмірінде** үлкен өзгерістер болды. Радищевтік бағыттағы және декабрист ақындар арасындағы проблема кепке дейін басылған жоқ. Бұл негізінде классицизм мен романтизмнің бетпе-бет келуі еді. Ағартушылық бүкіл дүниежүзілік **мәдениеттің** бір **түрі** ретінде

¹ Уәлиханов Ш. Шығармалары, Петербург, 1904, **194-195-беттер**.

² Каримуллин А.Г. Татарская книга, Казань, 1974, стр. 246.

қоғамдық философиялық және саяси ағымдарды біріктірді. **Сондықтан** да ағартушылық дәуірінде бір-біріне қарсы екі стиль екі бағыт қалыптасты. **Мәселен**, XIX ғасырдың алғашқы онжылдығында Ресейде классицизм **өзінің** шыңына көтерілді (Озеровтың трагедиясы, **Крыловтың** комедиясы). Мұнда, **әсіресе** поэзия мәдениетіне баса назар аударылды. Бірте-бірте бұл ағымда романтизм мен ағартушылық арасындағы алшақтық байқала бастады. Өйткені, романтикалық кейіпкер өмірден алшақтаған, не іздеп, не қойып жүргенін ешкім білмейтін жиһанкезге ұқсап кетті. **Ал**, ағартушылық оған қарағанда, бірден көзге түсіп, жаңашылдылығымен танылды.

Ағартушылықтың кейбір белгілері **қазақ**, татар, башқұрт әдебиетінде **көріне** бастады. Әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында орыстың демократтары бұл халықтардың мәдениетіне, әлеуметтік **өміріне өз** ықпалдарын тигізді. Ел ішіне орыс ғалымдары келіп, олардың салт-санасын, әдет-ғұрыптарын зерттеді. Мәселен, қазақ, башқұрт елінің тыныс-тіршілігі орыс ғалымдары мен жазушыларының назарынан ешқашан тыс қалған жоқ. "Башқұрт халқы, оның өткені мен бүгінгісі **жөнінде** Л.Н.Толстой, М.Е.Салтыков-Щедрин, А.М.Горький, Д.Н.Мамин-Сибиряк, Г.И.Успенский, Н.В.Ремезов, Ф.Д.Нефедов, П.И.Добротворский, А.М.Федоров, Н.Г.Гарин-Михайловский, В.В.Брусянин, Н.А.Крашенинников және басқалар **жазды**".¹

Сондай-ақ Татарстанда да бұл **өзіндік** маңыз алды. "...Орыстың азат ету қозғалысы XIX ғасырдың ер **онжылдығында** үлкен күшке айналды, **сөйтіп**, Ресейдің басқа халықтарының қоғамдық **өміріне** едәуір ықпал етті: бұл, **әсіресе**, 50-60-жылдарда анық **аңғарылды**, ол кездері революциялық - **демократиялық қозғалыстың** жетекшілері және қатысушылары Н.Г.Чернышевский, И.А.Добролюбов, Т.Г.Шевченко, Н.А.Некрасов болды. Бұл күреске татар халқы да қатысты, олардан алдыңғы қатарлы ағартушылар **шықты**. XIX ғасырдың соңғы ширегінде ағартушылық қызмет **өрістеді**".²

"Крепостнойлық права жойылғаннан кейін Ресейде Н.Г.Чернышевский бастаған революцияшыл-демократияшыл қозғалыс күшейе түсті. Революциялық күшке қарсы патша үкіметі қатал жазалар қолданды. **Көптеген** революцияшыл-демократтар **алыс өлкелерге** жер аударылды. Олардың кейбіреулері Қазақстан жеріне келді. **Олардың** ішінде Украинаның ұлы кобзары Т.Г.Шевченко, петрошевшіл

¹ Харисов А.И. Литературное наследие башкирского народа. Уфа, 1973, стр. 277.

² **Гайнуллин** М. Татарская литература и публицистика начала XX века. Казань, 1966.

С.Ф.Дуров пен Ф.М.Достоевский, Н.Г.Чернышевский жолын **жақтаушылардың** бірі Е.П.Михаэльс, тағы басқа адамдар болды. Бұлардың әрқайсысы **өз әлінше** қазақ халқы үшін, оның мәдениеті үшін игі қызмет атқарды. Бұлар болашақ қазақ демократтарына, ағартушыларына ақыл, кеңес беріп, олардың прогресшіл орыс мәдениетімен, классикалық әдебиетімен, бұқарашыл озық идеяларымен танысуына жәрдемдесті.¹

Орыстың демократ ғалымдары мен жазушыларының Шығысқа (қазақ, татар, башқұрт) **көз** тігуі, тұрмысы мен мәдениетін зерттеуі осы **халықтардың** барлығына, бір **дәрежеде** болмағанмен, бір бағытта игі **әсер** етті. Елде бас **көтеру**, оянушылық, жақсыға үмтылу ниеттері пайда болды. Сауаттарын ашып, орыс мектептерінде білім ала бастаған жастардың қатары **көбейді**. **Усули-жәдит** орнығып, мектептерде пән сабақтарының ауқымы кеңіді.

Әр халықтың саналы түрде санасы оянған, оқыған азаматтары бұрынғы хадим оқуына қарсы шықты. Оқудың жаңа әдісін шығарды. Бұл ағартушылық, оянушылық прогресшіл ері елге жаңа леп әкелді.

Қазақ халқының XIX ғасырдың басындағы бірсыпыра оқығандары, атап айтқанда, Ақмолла, **Әбубәкір**, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр, Жүсіп, **Шәді** сияқты **ақындары** мәдени-ағарту майданына, әдебиет майданына елдің прогресшіл, капиталистік **дамудың** есері мен оянушылық, ағартушылық бағыттың **өріс** алуына байланысты шықты. Олар - XX ғасырдың **басындағы** қазақ әдебиетінің тарихында **өз** орнын алатын, үлкен **мұра** қалдырған, **өзіндік** стильдері бар ақын-жазушылар.

Олар (Ақмолла, Нұржан, Мақыш, **Шәді** т.б.) - адамгершілікті, оянушылықты, ағартушылықты мақсат еткен қайраткерлер. Бұл ақындар өздерінің шығармаларында феодалдық қараңғылыққа, ескі діни **сенімге, надандыққа** қарсы шықты. Олар халықты оятуды, оқуға тартуды мақсат **етті**, жаңа - **жәдит** оқуын жақтады, оны насихаттап, жаңалық үшін күресті. **Өздерінің** негізгі **көзқарасы** - ағартушылық болды. Сондықтан да олардың **өлеңдерін** діни ағартушылық поэзия деп **бөліп** атауға болар еді. "Дұрысында тарихта болған, заманында өз **әлінше** қоғамдық прогресшіл қызмет атқарған, өлеуметтік-мәдени, әдеби мені бар азды-көпті **шығармалар** қалдырған **ақын-жазушылардың бәрінің** де аттары аталуға, қызметтері мен шығармалары көрсетілмейтін ақын-жазушылар болмауға тиісті.²

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ **әдебиетінің** қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967, 291-бет.

² Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ **әдебиеті**, Алматы, "Мектеп", 1974, 4-бет.

Олар: **Ақмолла** Мұхамедияров (1839-1895), Әбубәкір Шоқанов - Кердері (1858-1912), Мақыш Қалтаев (1865-1916), Нұржан Наушабаев (1859-1919), **Мәшһүр** Жүсіп Көпеев (1857-1931), **Шәді** Жөңгіров және басқалары.

Бүкіл саналы ғұмырын халқының оқып, білім іздеуін, бір-біріне мейірімді-қайырымды болуын тілеп, арман еткен **Ақмолла** өзінің ой-пікірін өлеңмен толғады, жырмен суреттеді. Ол:

Тек оқуда ілтипат, шарапаттар,
Соқырлар әкелер зор кесапаттар.
Оқыған көкке **ұшар**, суда **жүзер**,
Деме онда **әулиелік**, керемет **бар**,¹ -

деп оқу-білімнің ішкі-сыртқы мән-маңызын жан-жақты таратып толғаса, сол кездің оқушылары үшін бұл аса қажетті **дүние** еді. Оның да бірнеше себебі бар, біріншіден, **бұл өлең** қарапайым халыққа арналып жазылған туынды екені дау тудырмайды, екіншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың қарапайым **өлеңінің** сарыны аңқып **тұр**, үшіншіден, **өнер** мен білім тек қана ауыр еңбекпен, сарылып ізденумен келмек, оның басқадай құпиясы **жоқ**, **жалықпай** жанын қинап, жұмыс істеген жанның Алла алдынан ақ күн шығарады. Біз Ақмолла толғауынан осындай келелі **мәселелерді** түсінгендейміз, **ақынның** жоғарыдағы "соқырлар" деп отырғаны хат **білмейтін** сауатсыздарды айтқаны, расында қара танымаған, көзі қарақты емес жанның **көкірегі** де ақ болмайды, кеудесінде сәуле болмаған кісіге **жақсылық** жасау, кісіге игілікті іс істеу деген атымен болмақ емес. Ондайлар кесапатты кер, үр да жық, кежір болады, **өзі** білмейді, білгеннің тілін құлаққа ілмейді. Осы себепті Ақмолла бүкіл халықты **өнер** мен білімге, парасаттылыққа **шақырады**. Күллі ел-жұртына бар даусымен "**оқыңдар**, біліңдер, еңбек етіңдер" деп жар салады. Ақмолла **өзі көп** оқыған, **көп** білген, көп **көрген**, **көп тоқыған** іші сара, **көңілі** дана, ақылы дара адам. Ол қандай **өлең** шығарса да, қандай толғау толғаса да, тіпті жай ауызекі әңгіменің **өзінде** де ел қамын, **халық** қайғысын бар жанымен күйзеле **сөз** етті. Ол **өмір** сүрген ХІХ ғасырдың екінші жартысы **ел-жұрттың** екі жақты **қанауға** түскен ауыр кезі **еді**. Бір жағынан орыс шенеуніктері алым-салық алып халықты бір күйзелтсе, екінші жағынан, ішімізден шыққан шонжарлар үсті-үстіне елге ауыр салық **төлетіп**, онсыз да хал-ахуалы нашар елді тұралатып тастады:

Би, болыс, **өнер емес** пара жеген,
Нашарға **өкім** қылып текке, неген.

¹ **Ақмолла**. Күндер мен түндер. Алматы, "**Жазушы**", 1986, 140-бет.

"Ісінді жөндейміз" деп иек қағып,
Мұнан да хайуан артық **шуын** жеген, -

деп Ақмолла сол кездің нақ шындығын **сөйлесе**, бұл **ақ сөз** деп білеміз. Қарапайым ел нулы, сулы жерінен айырылып, **шөл**, шөлейт жерлерде азап пен сорды белшесінен басып жүрген сорлы халықтың сырттан көрген қорлығы аздай, ішінен іріп-шіріп, **өзінің** бауыры би мен болыстың **өз** туғанына жасаған **қасиетсіз** ісі адам жанын түршіктіреді. Бұдан ері қарай тағы не болады екен, **көз** жүгіртіп қарайықшы:

Қарасаң биден кейін ауылнайға,
Қарнын толтырады ет пен майға.
Халықтан жиып алып, пайдаланып,
Қарады селем бере болыснайға.
Соқыр ғой надан адам нұрды **көрмес**,
Көз жоғын мойнына алып, соңына **ермес**.
Әркімге **өз** керегін іздеу керек,
Балаға жыламаған емшек **бермес**,¹ -

деп **көптің** басына түскен ауыр күнді жарқырата толғайды, не істерге білмей, теңселіп жүрген елдің жағдайын Ақмолла терең сезінеді, мұндай қиындықтан, қиын күннен тек оқу іздеу арқылы, **өнер** іздеу арқылы құтылуға, арылуға болатынын ұғынады ақын.

Ақмолланың **барлық шығармасы** өзінің азап шегіп езілген, құнарлы жерінен айрылған, береке-бітімі кеткен ел-жұртына **арналған**. Ол ақыл-есі кетіп, түсі қашқан, не істерге білмей түйыққа тірелген жұртына аянышпен, жанашырлықпен қарайды, жалғыз жаратушы Алланы бір сет те естерінен шығармауды, екі білекті сыбанып, еңбек етуді ұсынады:

Бұл дүниеде қонақ - сен,
Дәулет, бақыт таптым деп.
Не берсе де Алла деп,
Шүкірлігін тастама.
Бағың бір күн ұйықтаса,
Олай-былай қаларсың.
Қалған ісің оңалмай,
Қайран болып тұрарсың.
Маған не хал болды деп,
Егін **жыртып** саларсың.
Онан пайда таба алмай,

¹ Ақмолла. Күндер мен түндер. Алматы, "Жазушы", 1986, 59-бет.

Саудагерлік қыларсың,
Ғарып болып жығылсаң,
Өз малыңнан берерсің.
(Құда ғафу **қылмаса**),
Михнетті көрерсің.
Онан пайда таба алмай,
Суға қармақ саларсың.
Шортан түгіл шабақ жоқ,
Балдыр алып қаларсың,
Бермейін деген уақытта,
Осылай қайран **боларсың**,¹ -

деп адам баласының тіршілік үшін бар жанымен аянбай **күресуінің** керектігін, **алайда**, ісі ілгері баспаса, не істесе де тұралап, бір орында тұрып қалса, ол жалғыз Алланың күдіреті екенін терең түсіндіреді. Бұл жағдайды біздің ғұлама ата-бабамыз "Құдайсыз қурай сынбайды" деп бір-ақ ауыз **сөзбен** айтатын еді ғой. Әрине, бүкіл елем, он сегіз мың ғалам бір жаратушының қолында, несібе беруші де, жарық **сәуле** сыйлаушы да, бақыт, байлық, денсаулық та бері де сол күдіреттің ісімен болмақшы. Ақмолла **өзі** де екі дүниенің барлығына, бұл жалған мен (алдамшы өмір) **нағыз** мәңгілік тұрақтың шындығына сенген жан. Ол жеке **өз** басы ғана сеніп қоймай, **өз** басы **ғана мінәжат** етіп қоймай, **өзі** секілді басқа мұсылман баласының да "Алланы бір, пайғамбарды хақ" деп тануын **өз** шығармаларында үгіттейді. Жұрттың жаратушысын, оның ең сенімді елшісін шынайы тануын жырға қосады. Біз **ақынның** "Өзіме" **атты** арнау өлеңінен **көп** жағдайды аңғарамыз.

Құтырып, **нәпсің** билеп, кеткен жаман,
Жуан мойын өгіздей жеккен жаман.
"Мұртыңнан" жетектеп алып жүріп,
Неше жерде абыройыңды **төккен** жаман.²

Халқымыз "нәпсі сайтан" деп тегіннен-тегін айтқан дейсіз бе, адамға қиыны да **өзгені** емес, **өзін** жеңуі - кімде-кім **өзін-өзі** тоқтатып, **өз-өзіне** тыю сала алса, жаман істен **жиіркеніп**, кілең **жақсылыққа**, абзал дүниеге аңсары ауса, **ондай** жанды "әулие" деуге болар еді. Тіміскіленген ит нәпсінің соңына ерген пенде Ақмолла **айтқандай**, "неше жерде абыройын төгеді", қанша жерде **масқара**, мазақ болады. Біздің **ұлағатты** ата-бабамыз Жаратқаннан "ақ **жүзді**, абыройлы" болуын қатты тілеген.

¹ Ақмолла. Күндер мен түндер. Алматы, "Жазушы", 1986, 147-бет.

² Ақмолла. Күндер мен түндер. Алматы, "Жазушы" 1986, 52-бет.

Нәпсіге ерік берген жанның төрдегі басы **төменге**, биіктегі абыройы жерге **түседі**. Бір ойланарлық дүние нәпсінің адамды алдайтыны, болымсыз жерден арбайтыны, **сөйтіп әр** жерде **ұятқа** қалдыратын сиқыр екендігін ұғуымыз керек. Өйткені, қанағаты **көтеріліп**, нәпсінің соңына түскен кісі **өзін-өзі** ұстай алмайды, тежей де алмайды. Ақмолла **өлеңінде**:

Көкірегің қатып қалған **қара** тастай,
Ісің көп келіспеген **одан басқа-ай**.
Дұға **оқып** азаптану - құр **әдетің**,
Ақырет пайдасына жарамастай.¹

Діни кітаптарда **жақсылығың** да, жамандығың да бір Аллаға **мәлім** делінеді, сол себептен күнделікті ісің мен еткен **құлшылығыңда** алшақтық болмау керек екен. Өйткені, сізге адамды да, адам емес ақымақты да алдауға **болады**, ал күдіретті, жаратқан иені ешқашан, ешуақытта алдай алмайсың. Ақмолла да осы бір күдіреттің алдында **күнәһар** екенін жасырып тұрған жоқ. Ділің мен пиғылыңда тазалық болмаса, Алланың алдындағы оқыған құран, бес уақыт намаз, отыз күн ораза **бәрі** желге ұшып кетпек. Біз ұлы Абайға **көз** жүгіртсек: "...Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас **көңіл**, босанбас буын керек... Иманы бар деуге **ғылымы жоқ...я алдағанға**, я бір **пайдаланғанға** қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, я **өтірікті** шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз?.. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде **құдай** тағала кеңшілігімен кешеді-дағы демесін.. "Қылыш арасында серт жоқ" деген, "Құдай тағаланың кешпес **күнәсі** жоқ" деген жалған мақалды қуат **көрген** мұндай пенденін жүзі құрсын".²

Жоғарыдағы Ақмолланың Алла ісіне адал болмасаң, қаншалық істеген **құлшылығың** қабыл болмайды деген ой-пікірін Абай одан **әрі** тереңдете, үлкен мән-мағына бере, **терең толғайды**. Расында, адалдық өзінше өмірдің бір **маңызды** саласы екені, оның барлық істе аса қажет екені қаншама ғасырдан бері айтылып, жырланып, талас-тартыс болып келе жатқан **мәселе**. **Әрине**, адалдық үлкен **қасиет**, сондықтан оны барлық ұлы адамдар, ғұламалар ете жоғары бағалап, оған кір шалдырмаудың, **оған сөз** келтірмеудің жағдайын қарастырған.

Ақмолла ақын да **бұл қасиетті** тақырыпты аз жырламаған,

¹ Сонда.

² Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том, Алматы, "Ғылым", 1977, 147-148-беттер.

ол кісі **әділетсіздікті**, озбырлықты халықтың сауатсыздығынан деп санаған, ел-жұрт оқыса, көзі ашылар еді, біреуге біреу қиянат жасамас еді деп **түсінген**.

Мақыш Қалтайұлы - **көнеше** діни оқу оқыған діндар, тақуа адам. Оның **көптеген** кітаптары көзінен тірісінде жарық **көрген**. Ол бала оқытқан, халқымды қайтсем сауаттандырамын деп **армандаған**. Ақынның айрықша бір мінезі — ол шындықты **жақсы** көрген. Өзі де шыншыл, әділетті **болыпты**, **халықты** толық біліп, тану үшін **көптеген** елді мекенді **әдейі аралап**, **өз** көзімен **көрген**. **Өзі білуге**, тануға құмар екен. Тіпті кезінде **құлшылық** етіп, Меккеге де барып қайтыпты, ол жерден көп нәрсені **көңіліне түйіп**, Алланың ақ жолына **құлшылық етіп**, хажы атанған. **Мақыш әрі** кітаптан **оқып**, әрі **өмірден тоқып**, көп **дүниеге көзін** жеткізіп, аянбай **еңбек** етіпті. Ол бала оқытты, кітап жазды, аударма да жасаған. Оларын жеке-жеке кітап етіп бастырып **отырған**.

Ақынның бір **ерекшелігі** - "**Тұрмыш**" атты журналды **өз** қолымен жазып, елге таратып отырғаны. Халыққа газет пен журналдың ауадай қажеттігін жан-жақты түсіндіріп **жазып кеткен** де осы Қалтайұлы **Мақыш** болатын.

Мақыш барлық туындысын, **кітаптарын** тек **өлеңмен** жазып, **көбінесе** он бір буынды қара өлеңмен **толғаған**. Ал, әйелдер тендігі туралы "**Жолсыз әдеттеріміз**" атты **көлемді** мақаланы "**Айқап**" журналына бастырғаны бар. Ол аталған еңбегінде ер мен әйелдің бір-бірінсіз ғұмыр кеше **алмайтынын**, **қыздарды** сыйлау **керектігін** жан-жақты айта **келіп**, сол **бейшаралардың** өз сүйгеніне бара алмайтынын **аянышпен** айтады: "...Біздің **пікірімізше** (**бірін-бірі** ұнатқан — **У.Қ.**) **қызды** да, **жігітті** де ғайыпты **көрмейміз**, қыздың сүйген адамын сөгіп жүрген билеушілерді ғайыпты **көреміз**. **Неге десеңіз..** шарһғатта жүз **жылақысы** бар **кісінің қызына** жүз **жылақысы** бар **жігіт** теңдес деген бе?.. Үйіне алып келген сон, **киім**, **тамақ** тауып беруге **күші келетұғын болса**, тең болып табылушы емес **пе еді?** "**Жеті** атасынан бері мал **бітпеген**, **тұқымы** топқа **кірмеген**" дейтұғын бір **ұстаған** сөздер бар... қыз **билеуші** есін **білген қызды** адам болса да мал қысабында, жар болса да **күн қысабында бармаймын** десе зорлап, **ырзалығын сұрамай**, **қорлап** берсе. берген адамы **не көрі**, не жаман болып. берілген **қыз** ғұмыры **таусылғанша**, арманы **таусылмай** сорлап **жүрмесе** жарар **еді**".¹

Мақыш осы мақаласында **теңіне шықпаған әйел** өзі де

¹**Айқап**. 1912. №8

бұзылады, өзгені де **бұзады**, **өзі** де күнеға батады, жарық дүниесі де, мәнгілік **дүниесі** де **оңбайды**. Сол **үшін** өз **теңіне** беруіміз керек деген пікірді түйіп айтады.

Ақын елінің болашағына сеніммен қараған, **күндердің** бір күнінде **халқының** қолы **өнер-білімге** жетеді, басқа жұртпен қайткенде де **теңеледі**, елдің алдында жарық **алады**, **әттең**, сондай жарқын мезгілді көрмеймін ғой деп армандай отырып, ол сол тілегін **өлеңмен толғаған**:

Кетер бір заман шексіз бұл ақ қарлар,
Жылынар күн, болар желсіз шуақтар.
Көре алмаспын мен ол **қардың кеткенін**,
Болмаса халіме бір шипа **хақтан**.
Кетер боран, аяз бен жел, суық та,
Жауып **жаңбыр**, жері көктер жуықта.
Жасыл мақпал кілем болар қара жер,
Болармын мен **көрде** ол **уақытта**.

Мақыш болашақтан бір жақсы лептің есіп **тұрғанын**, ата-бабамыздың ғасырлар бойы аңсап күткен **егемендігінің** келе жатқанын, сол **кездің** тілімен айтқанда, "Қой **үстіне** бозторғай **жұмыртқалап**, жесір қатын мың қой айдаған" заманның келе жатқанын толғайды, оған өзі де бар жанымен сенеді, біз оның:

Болар **дүние** ол **уақытта**, бір жеміс **бақшадай**,
Ағар сулар сылдырап төгілген күміс ақшадай.
Шаттықпен қызық **көріп** жүрер **әркім**,
Ол күнде тек болсын **менің** қабырым сарай.

Өсер, **көктер** жер үстінде толқындап,
Сайрар құстары неше түрлі мұңданып.
Болар ол күнде әркімге босташпылық,
Тек мен **жатармын** топыраққа **былғанып**.¹

Алланың ақ жолымен таза жүріп, отыз күн **ораза**, бес **уақыт** намазын қаза қылмаған, жетім мен **жесірдің**, нашар кембағал, ауру-сырқаудың қамқоршысы болған, оның үстіне өз қаражатымен хажыға барып келген Мақыштың **алдын** болжауы, болашақты **көруі** табиғи құбылыс деп білеміз.

Өз заманының бір ғана шындығын **мөлдірете** жырлауға, тура жүріп, тура **сөйлеуге** бір жолата бет бұрған **Мақыш** өз айналасындағы ел-жұртты да осы адал **жолға** бастауға бар жанын салған. Ол өзінің еліне деген ақ **көңілі** мен адал пейілін ісімен де, қылығымен де керсете біліп, жұртқа ең керекті

¹Қалтайұлы Мақыш. Қазан, "Айна", 1913, 20-бет. -'